

**«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша
Бодеев Канат Турумовичтің
Философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
«Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихы (1941-1991 жж.)»
диссертациясына**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Бодеев Канат Турумовичтың «Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихы (1941-1991 жж.)» деп аталатын диссертациялық жұмысы өзекті мәселеге, атап айтқанда, өлке тарихындағы діни ұйымдардың тарихын, олардың маңыздылығын және атқаратын рөлін ғылыми тұрғыдан зерттеуге арналған.

Диссертация жұмысында Орталық Қазақстандағы жиырмаға жуық діни ағымдардың негізінде қалыптасқан қауымдастықтардың тарихын зерттеудің негізінде «кеңес өкіметі тұсында дін болған жоқ» деген пікір жоққа шығарылған және діни конфессиялардың дамуы, діндарлықтың орын алғандығы дәлелденген.

Қазіргі кезеңдегі ғылыми қауымдастықта діни ұйымдардың тарихын, мемлекет пен діни ұйымдардың өзара қарым-қатынастарын ғылыми тұрғыдан зерттеу үлкен қызығушылық тудыратын басым тақырыптардың бірі болып отыр. Бұл қызығушылықтың себептері кез-келген бір мемлекеттің, қоғамның өміріндегі діни ұйымдардың маңызды рөл атқаруымен байланысты. Осымен қатар, діни ұйымдардың қоғам өмірінің әртүрлі салаларына тигізетін ықпалының күшеюі оларға ғылыми тұрғыдан назар аударуды талап етеді.

Қазіргі кезеңдегі діни жағдайдың күрделілігі, мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық өзара байланыстардағы проблемалардың орын алуы, дін саласына қатысты нақты мемлекеттік саяси концепцияның болмауы зерттеушілерді аталған сала бойынша жинақталған тарихи тәжірибені анықтау қажеттілігіне итермелейді. Яғни, мемлекеттік институттар мен діни ұйымдар арасындағы өзара байланыстардың тарихи тәжірибесін зерттеу және оны бағалаудың қажеттілігі туындап отыр.

Социумның, мемлекеттің, адамның өміріндегі дін мен діни ұйымдардың алатын орны мен атқаратын рөлін зерттеу және мемлекет пен діни ұйымдардың, сонымен қоса конфессияаралық қатынастардың тәжірибесіне талдау жасаудың тарихи тәжірибелік маңызы зор. Осымен қатар, қазіргі кезеңдегі діни радикализмнің ушығуының алдын алу және жастар арасындағы діни сауаттылықты арттыру, сонымен қатар діни ұйымдарымен қатынастарды реттеудің тиімді жолдарын табу көкейкесті мәселе болып отыр. Осындай өзекті мәселелердің орын алуының өзі аталған диссертация тақырыбының құндылығын жоғарлатып отыр.

Сонымен қатар, кешенді түрде зерттеу жүргізілген диссертация тақырыбының маңыздылығы оның Отандық тарихнамада алғаш рет зерттелуімен де анықталады.

Диссертацияның маңыздылығы Орталық Қазақстанға әртүрлі себептермен келген діни жетекшілер мен діндарлардың өзіндік діни көзқарастары үшін әкімшілік құдалауға ұшырауы және өз көзқарасы үшін күрес жолы жөніндегі архив мәліметтерінің алғаш рет ғылыми айналымға енгізуімен де анықталады.

Атап айтқанда, ізденуші диссертация тақырыбын зерттеу барысында бес архивтің мәліметтерімен белсенді түрде жұмыс жасаған. Соның ішінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінің, Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің, Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің, ҚР орталық мемлекеттік архиві және ҚР Президенті архивінің материалдары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген және оларға ғылыми тұрғыдан талдау жасалған.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, ізденуші К.Т.Бодевтің диссертациясының маңыздылығы жоғары деп бағалауға негіз бар.

Ізденуші диссертациялық зерттеу барысында идеялық-теориялық және әдістемелік плюрализмге сүйенген. Діни ұйым, діндарлық мәселесіне қатысты кеңестік, шетелдік және қазіргі қазақстандық түсініктемелерге сүйенген. Діни ұйымдардың әлеуметтік қызметін нақтылаған.

Бодеев Канат өз зерттеуі барысында ғылыми объективтілік, нақтылық, тарихилық пен жүйелілік принциптерін басшылыққа алған. Сонымен қатар, арнайы-тарихи әдістерді, атап айтқанда салыстырмалы-тарихи, хронологиялық және жалпы ғылыми статистикалық әдістерді қолданған.

Ізденуші келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: мемлекеттің діни саясатының ушығуы мен керісінше жұмсаруының себептеріне талдау жасаған; ресми саясаттың ауытқу кезеңдеріндегі діни ұйымдардың қызметі мен діндарлардың діни өмірін сипаттаған; зерттеу кезеңіне сәйкес діни ұйымдардың құқықтық жағдайын және діни ұйымдардың оған бейімделуін зерделеген; Орталық Қазақстандағы діни ұйымдардың дамуы, жергілікті билікпен қарым-қатынасы, діндарлардың рухани еркіндігі үшін күресін сипаттаған; өлкедегі діни өмір, діни ұйымдардың қызметі, діни мерекелердің тойлануы, діни ғұрыптардың түрлері мен оларды ұстанудағы қиындықтардың маңызын көрсеткен; діни ұйымдар мен діндарлардың халықаралық, одақ көлеміндегі діни ұйымдарға қатысты жүргізілген іс-шараларға қатысуын анықтаған.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұнына келер болсақ, зерттеу жұмысы кіріспеден, үш үлкен тараудан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, алға қойған мақсаты мен міндеттері, тарихнамасы, дерекнамасы, әдіснамалық негізі, зерттеудің нысаны мен пәні, жаңалықтары және қорғауға шығаратын ережелері айқындалған.

Диссертацияның бірінші тарауы мемлекеттің діни саясаты мен діни ұйымдардың құқықтық жағдайын талдауға арналған. Екінші тарауда соғыс жағдайында биліктің діни саясатының жұмсаруы, соғыстан кейінгі кезеңде саясаттың қатандауы мен әкімшілік қудалаулар үрдісі зерттелген.

Үшінші тарауда 1965-1991 жж. Орталық Қазақстандағы діни ұйымдардың даму тарихы, даму кезеңдерінің ерекшеліктері мен негізгі проблемаларына талдау жасалған.

Алынған нәтижелерді негіздеудегі автордың негізгі тұғырнамалары нақты көрсетілген. Атап айтсақ, ізденуші өзінің алға қойған мақсатына сәйкес жеті міндетті шешуі барысында зерттеудің жеті жаңалығын негіздеп, осыған сәйкес жеті қорғауға шығарылатын ережені анықтап, жеті нақты қорытынды шығарған. Сондықтан, алға қойған міндеттері, зерттеу жаңалықтары мен қорғауға

ұсынылатын ережелері және қорытындылары бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылған.

Ізденушінің зерттеліп отырған мәселедегі сіңірген жеке еңбегі жоғары. Атап айтқанда, ізденуші Бодеев Канат диссертация тақырыбын зерттеу барысында кең көлемді кеңестік, шетелдік және отандық тарихшылардың зерттеулерін талдаған. Деректер жинақтары мен мерзімді баспасөз құралдарының материалдарын бес топқа бөліп қарастырған.

Бодеев Канаттың ғылыми позициясы нақты болып саналады. Бұл ізденушінің тың тақырыпты зерттеу барысында өлкедегі әртүрлі діни ағымдар негізінде қалыптасқан қауымдастықтар мен діндарлардың тарихын республикалық, одақтық конфессиялық өмірдің бір бөлігі ретінде қарастыруында көрінеді. Осымен бірге, ізденуші діни ұйымдар мен ресми биліктің арасындағы қарым-қатынастардың даму кезеңдерінің өзіндік нұсқасын ұсынған.

Аталған диссертацияны орындау барысында автор өзін жауапты зерттеуші ретінде көрсетті. Ізденуші ғылыми айналымға енгізілген құжаттар мен тарихшылардың зерттеулері негізінде өз тұжырымдамаларын ұсынып, өлкедегі діни ұйымдардың маңызы мен рөлін анықтаған.

Қорыта айтқанда, ізденуші өзінің алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізген, зерттеу жұмысының мазмұны толық ашылған және қорғауға шығарылатын ережелері диссертацияның жаңалығы мен міндеттеріне сәйкес нақты қойылған, осымен қатар зерттеу жұмысы бойынша нақты қорытындылар шығарылған.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, докторант Бодеев Канат Турумовичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихы (1941-1991 жж.)» аталатын диссертациясын қорғауға рұқсат беремін.

**Ғылыми кеңесші,
Алтай мемлекеттік
университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы**

Ю.А.

Ю.А. Лысенко

**ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК
ДОКУМЕНТАЦИОННОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ**

